Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН

2025 жылғы 16 қазан № 4 хаттама

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру жөніндегі осы әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі- нұсқаулық) бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің (бұдан әрі – ОӘБ) функцияларын жүзеге асыратын ТжКБ ұйымдарына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

2. Нұсқаулық техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру саласындағы келесі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 509 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін, бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктерін құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 100 бұйрығының редакциясында);
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығының редакциясында);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар

конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының мен спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

3. Нұсқаулық ОӘБ жұмысының келесі негізгі аспектілерін сипаттайды:

- ОӘБ қызметін жоспарлау;
- педагогтер мен студенттердің ОӘБ қызметіне қатысуы;
- колледж сайтында ОӘБ бетін жүргізу және сүйемелдеу;
- ОӘБ қызметін бағалау.

4. Нұсқаулық ОӘБ қызметін ұйымдастырудың тиімділігін арттыру мақсатында колледж директорының орынбасарлары мен ОӘБ әдіскерлеріне арналған.

2 тарау. ОӘБ қызметін ұйымдастыру

2.1. ОӘБ қызметін жоспарлау

5. ОӘБ құрамына ОӘБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық ТжКБ ұйымдары кіреді. ОӘБ төрағасы – ОӘБ қызметін жүргізетін ТжКБ ұйымының басшысы болып табылады. ОӘБ төрағасы ОӘБ қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді.

6. ОӘБ өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру мақсатында құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарынан ақпараттық және өзге де материалдарды сұратуға құқылы.

7. ОӘБ өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. ОӘБ жұмыс жоспары жыл сайын оқу жылының басында әзірленеді және Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі – РОӘК) жұмыс органымен келісілгеннен кейін ОӘБ төрағасы бекітеді.

РОӘК жұмыс органы «Talap» КЕАҚ болып табылады.

8. ОӘБ жұмыс жоспары «Talap» КЕАҚ ұсынымдарын, сондай-ақ ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының ұсыныстарын ескере отырып әзірленеді және ТжКБ жүйесін дамытудың басым бағыттарын көрсетеді.

9. Жоспар құрылымы логикалық тұрғыдан реттелген болуы тиіс және қызмет бағыттары бойынша жоспарланған іс-шараларды, оларды орындау мерзімдерін, жауапты орындаушыларды және аяқталу нысандарын қамтуы қажет.

10. ОӘБ жұмыс жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

- ұйымдастыру-талдамалық жұмысы;
- білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеу;
- ТжКБ ұйымдарының өзара әрекеттестігі мен қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- сараптамалық-бағалау қызметі.

11. «Ұйымдастыру-талдамалық жұмысы» бөлімі келесіні қамтиды:

- «Talap» КЕАҚ жұмыс жоспарын келісу;
- есепті кезеңдегі ОӘБ қызметі туралы есепті ұсыну;
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, «Talap» КЕАҚ сұраныстары бойынша талдамалық және өзге де ақпаратты ұсыну;
- ОӘБ отырыстарының кестесі мен тақырыбы;
- ОӘБ сұранысы бойынша ТжКБ ұйымдары ұсынған материалдар негізінде талдамалық жұмысты жүзеге асыру.

12. ОӘБ отырыстары қажеттілікке қарай, оның шешімі бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. ОӘБ мүшелері отырысқа жеке қатысады, олардың орнына басқа тұлғалардың қатысуына жол берілмейді. ОӘБ отырысын ОӘБ төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға жүргізеді. Отырыс барысында хаттама жүргізіледі, ол ОӘБ төрағасы тарапынан қол қойылып, ОӘБ интернет-ресурсында жарияланады.

13. ОӘБ отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. ОӘБ шешімдері ашық дауыс беру арқылы ОӘБ мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысы негізінде қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда ОӘБ төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14. «Білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеу» бөлімі келесіні қамтиды:

- ОӘБ мүшелерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, «Talap» КЕАҚ жұмыс топтарында және Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің отырыстарына қатысуы;
- ТжКБ саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ОӘБ ұсыныстары мен ұсынымдарын әзірлеу;
- ТжКОБ мамандықтары мен біліктіліктерінің Сыныптауышын, жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын өзектендіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ОӘБ бейіні бойынша оқу және оқу-әдістемелік материалдарды, құралдарды, ұсынымдарды, нұсқаулықтарды, нұсқаулар мен бағдарламаларды әзірлеуге және сараптауға қатысу;
- педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын (болған жағдайда) әзірлеуге қатысу;
- жұмыс берушілердің қатысуымен базалық және кәсіптік модульдер бойынша оқыту нәтижелері мен бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;
- ОӘБ мамандықтары бойынша ұсынылатын оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізімін қалыптастыру;
- ТжКОБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

15. «ТжКБ ұйымдарының өзара әрекеттестігі мен қызметін үйлестіруді жүзеге асыру» бөлімінде ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының желілік кәсіби өзара әрекеттестігі, әдістемелік ресурстарды шоғырландыру және озық тәжірибені тарату жүзеге асырылады.

Осы бөлімге келесі іс-шаралар енгізіледі:

- ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының өзара әрекеттестігін үйлестіруді қамтамасыз ету;
- ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының дерекқорын жүйелі түрде жүргізу және өзектендіруді ұйымдастыру;
- ОӘБ қызметін ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру, оның ішінде өзекті материалдарды, жаңалықтарды және хабарландыруларды әлеуметтік желілерде және Қоғамның ресми ресурстарында дайындау және орналастыру арқылы ашықтықты, айқындықты қамтамасыз ету және үздік тәжірибелерді ілгерілету;
- ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының қатысуымен педагогтер мен студенттерге арналған бірлескен іс-шараларды, оның ішінде республикалық және өңірлік ғылыми-тәжірибелік конференциялар, әдістемелік семинарлар мен вебинарлар, кадр даярлаудың өзекті мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, педагогикалық шеберханалар мен практикумдар ұйымдастыру;
- білім беру және әдістемелік қызметке қатысты инновациялық тәсілдерді талқылау, кәсіби пікірталастар мен тақырыптық кездесулерді ұйымдастыру;
- ТжКБ саласындағы әлеуметтік серіктестік жөніндегі комиссиялармен, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен (бұдан әрі – ЖЖОБҰ) білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында өзара әрекеттесу;
- озық тәжірибемен алмасу, оны жинақтау және тарату, үздік практикаларды насихаттау, сондай-ақ оқыту мазмұны мен әдістемесіне бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарына әдістемелік-консультациялық көмек көрсету.

16. «Сараптамалық-бағалау қызметі» бөлімі келесіні қамтиды:

- білім беру бағдарламаларының Тізілімін жүргізу аясында ТжКБ ұйымдарының бағдарламаларын сараптауға қатысатын әлеуетті сарапшылар базасын қалыптастыру;
- «Talap» КЕАҚ сұранысы бойынша ТжКБ мазмұны, сараптамасы және әдістемелік сүйемелдеуге қатысты мәселелер бойынша жұмыс және сараптамалық топтарды қалыптастыру үшін ТжКБ, ЖЖОБ ұйымдарының педагогтері мен жұмыс беруші кәсіпорындарынан (ұйымдардан) мамандары арасынан үміткерлерді іріктеу және ұсыну;
- Ұлттық тестілеу орталығымен бірлесіп бағалау материалдарын әзірлеуге қатысу;

- ТжКБ білім беру процесінің мазмұны мен әдістемелік сүйемелдеу мәселелеріне қатысты оқу-әдістемелік материалдарға, авторлық бағдарламаларға және басқа да материалдарға рецензия жасау;

- қарастырылатын мәселелер бойынша комиссиялар мен жұмыс топтарын құру.

2.2. ОӘБ қызметіне педагогтер мен студенттердің қатысуын ұйымдастыру

17. Педагогтер мен студенттердің конкурсты, жобалық және әдістемелік қызметке қатысуына бағытталған іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде педагог қызметкерлерді аттестаттау аясында олардың жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына (ғылыми жарыстарға), орындаушылар байқауларына, кәсіби шеберлік байқауларына және спорттық жарыстарға қатысуы бағаланатынын ескеру қажет (бұдан әрі – Тізім).

№ п/п	Мәртебесі	Атауы
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру студенттері үшін:		
1.	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған республикалық олимпиадалар	Жалпы білім беретін пәндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының 1-2 курс студенттеріне арналған республикалық олимпиада
2.	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған республикалық конкурстар	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында цифрлық дағдыларды қолдана отырып, әр түрлі салаларда IT-шешімдерді дамыту жөніндегі Hackathon республикалық идеялар конкурсы
3.		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Мен – кәсіпкермін» республикалық Гранд турнирі
4.	Орындаушылардың республикалық конкурстары	Музыкалық колледждері орындаушыларының республикалық конкурсы
5.	Мамандандырылған байқаулар	«Открываем мир профессий» форумы
6.		Қазақстан Республикасының мамандырылған мектептері мен музыкалық колледждері оқушылары арасындағы республикалық кіші олимпиадасы (Қазақ ұлттық консерваториясы)
Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру педагогтеріне арналған:		

7.	Педагогтерге арналған кәсіби шеберлік конкурстары	«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсы
8.		«Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсы
9.		Мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейынгі, жоғары білім беру ұйымдарына арналған бейне-сабақтар мен бейне дәрістердің "Педагогикалық идеялар панорамасы" республикалық конкурсы
10.		Нақты жобаларды қорғау
11.		Әлеуметтік идеялар мен жобалар

18. Тізімге енгізілген іс-шараларды өткізу үшін бірнеше ОӘБ тұратын жұмыс тобы құрылады, ол «Talap» КЕАҚ үйлестіруімен олимпиада/конкурс өткізу туралы Ережені әзірлейді. Олимпиада/конкурс өткізу туралы Ереже Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (РОӘК) қарауына және бекітуіне ұсынылады.

19. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 12-қосымшасына сәйкес, аттестаттауды өткізу кезінде ОӘБ жұмысына қатысу арқылы жүзеге асырылатын педагогтердің келесі қызмет түрлері мен нысандары ескеріледі:

- Тізімге сәйкес білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) конкурстарға, олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуға дайындау;
- РОӘК ұсынған оқу-әдістемелік материалдар мен бағдарламаларды әзірлеу және енгізу (3.1. т.);
- әдістемелік немесе зерттеу қызметі негізінде шеберлік сабақтарын, семинарларды, тренингтерді, конференцияларды және басқа да іс-шараларды өткізу (3.2. т.);
- шығармашылық, сараптамалық, жұмыс топтарына, қазылар алқасына және төрелік етуге қатысу (3.4. т.).

20. ОӘБ қызметіне педагогтің қатысқанын растайтын келесі құжаттар болып табылады:

- ОӘБ төрағасының қолы және білім беру ұйымының мөрімен расталған анықтама/бұйрықтан үзінді;
- «Talap» КЕАҚ президентінің/вице-президентінің қолы және мөрімен, ОӘБ төрағасының қолы және білім беру ұйымының мөрімен расталған конкурс іс-шараларының жүлдегерінің дипломы;
- ОӘБ төрағасы бекіткен және «Talap» КЕАҚ келісілген іс-шара бағдарламасы;
- іс-шара бағдарламасында көрсетілген қатысушыға берілген сертификат.

21. ОӘБ тарапынан берілген құжаттар педагогтің жетістіктерін дәлелдейтін базаға қойылатын талаптарға сәйкес деп танылады және оларды педагогтің аттестаттау портфолиосына ресми түрде қосуға болады.

2.3. Колледж сайтындағы ОӘБ бетінің жүргізілуі мен сүйемелдеуін қамтамасыз ету

22. ОӘБ сайты ОӘБ қызметі туралы ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін және өзектілігін, сондай-ақ бейінді колледждер арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

23. ОӘБ сайты келесі бөлімдерді қамтиды:

№ п/п	Бөлімдер	Мазмұны
1.	ОӘБ қызметі туралы жалпы ақпарат	ОӘБ қызметінің жалпы сипаттамасы, мамандықтар мен біліктіліктер тізімі, ОӘБ құрамы.
2.	Колледж базасы	ОӘБ құрамына кіретін ТжКБ ұйымдарының деректері (колледж атауы, байланыс деректері, мамандықтар, біліктіліктер)
3.	Нормативтік-құқықтық актілер және әдістемелік материалдар	Сілтемелерді көрсете отырып, ТжКБ ұйымдарының қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер. Бөлім үнемі толықтырылып, жаңартылып отырады.
4.	ОӘБ жұмыс жоспары және есептер	ОӘБ қызметінің жылдық жоспары, ОӘБ қызметі туралы есептер.
5.	Кәсіптік стандарттар	Ресми дереккөзге сілтемені көрсете отырып, даярлау бағытына, мамандықтар мен біліктіліктерге сәйкес келетін кәсіптік стандарттар.
6.	Сарапшылар базасы	ОӘБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын сараптауға; оқу құралдарын, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге; оқу-әдістемелік материалдар мен авторлық бағдарламаларды рецензиялауға; жұмыс және сараптамалық топтардың құрамына қатысатын педагогтер мен өндіріс мамандары - сарапшылар базасы. Сарапшы позициясына үміткер ретінде электронды өтінім беру мүмкіндігі ОӘБ талаптарын ескере отырып қарастырылуы тиіс.
7.	Жаңалықтар мен іс-шаралар туралы хабарландырулар	Өткен және жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат уақтылы орналастырылады. Кіріктірілген

		күнтізбе мен жаңартуларға жазылу жүйесін пайдалануға болады.
8.	Отырыстар материалдары	ОӘБ отырыстарының күн тәртібі, хаттамалары, презентациялары, шешім жобалары орналастырылады. Отырыстардың жылдар бойынша мұрағаты қалыптастырылады.
9.	Байланыс	ОӘБ байланыс деректері (e-mail, байланыс телефондары), сондай-ақ ақпаратты жедел алу, кеңес алу және талқылауға қатысу мүмкіндігі үшін ортақ чатқа (мысалы, WhatsApp немесе Telegram мессенджерлерінде) қосылуға арналған QR-код көрсетіледі.

24. ОӘБ сайтының тиімді жұмыс істеуі үшін келесі талаптар орындалуы қажет:

- контентті тұрақты жаңарту – өзекті деректерді орналастыру, ескірген ақпаратты уақтылы жою;
- жарияланатын материалдардың сапасын бақылау – барлық материалдар алдын ала модерациядан өтеді;
- авторлық құқық нормаларын сақтау – материалдар тек авторлардың рұқсаты болған жағдайда немесе ресми дереккөздерге сілтеме жасай отырып орналастырылады;
- кері байланысты жүзеге асыру.

3 тарау. ОӘБ қызметінің бағалануы

25. ОӘБ қызметін талдау және бағалау оқу жылының соңында келесі өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

№	Өлшемшарттар	Индикаторлар	Балл саны
I. Базасында ОӘБ құрылған білім беру ұйымы туралы ақпарат			
1.	ОӘБ болып табылатын ТжКБ ұйымында ОӘБ мамандықтары бойынша білім алушыларды даярлау.	жоқ	*0*
		иә	*әр мамандыққа 5 балл*
2.	ОӘБ мамандықтары бойынша инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы:		
2.1	ОӘБ төрағасының атқаратын лауазымына сәйкес біліктілік санатының болуы	жоқ	*0*
		Үшінші біліктілік санатындағы басшы	*5*

		Екінші біліктілік санатындағы басшы	*10*
		Бірінші біліктілік санатындағы басшы	*15*
2.2	ОӘБ төрағасының орынбасарының атқаратын лауазымына сәйкес біліктілік санатының болуы	жоқ	*0*
		Үшінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары	*5*
		Екінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары	*10*
		Бірінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары	*15*
2.3	педагог-сарапшылардың үлесі, педагог-зерттеушілердің үлесі, педагог-шеберлердің үлесі	30% аз	*0*
		30% дан 50% дейін	*5*
		51% дан 100% дейін	*10*
2.4	ғылыми (ғылым докторы, PhD докторы, ғылым кандидаты) және академиялық (магистр) дәрежесі бар педагогтердің үлесі	жоқ	*0*
		10% аз	*5*
		10% және одан жоғары	*10*
2.5	соңғы 3 жыл ішінде біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	30% аз	*0*
		31% дан 40% дейін	*5*
		40% және одан жоғары	*10*
2.6	соңғы 3 жыл ішінде өндірістік тәжірибеден, оның ішінде халықаралық тәжірибеден өткен педагогтердің үлесі	жоқ	*0*
		30% аз	*5*
		30% және одан жоғары	*10*
2.7	өндірістік тәжірибесі бар педагогтердің үлесі	жоқ	*0*
		30% аз	*5*
		30% және одан жоғары	*10*
2.8	ОӘБ мамандықтары бойынша соңғы 3 жылда кәсіби шеберлік байқауларының және орындаушылар конкурстарының жүлдегері болған педагогтердің болуы	жоқ	*0*
		облыстық деңгей	*әрбір жүлделі орын үшін 5 балл*
		республикалық деңгей	*әрбір жүлделі орын үшін 10 балл*
		халықаралық деңгей	*әрбір жүлделі орын үшін 15 балл*
2.9	салалық кеңестерге/одақтарға мүше немесе атақтары бар педагогтердің болуы	жоқ	*0*
		иә	*20*

2.10	РОӘК жанындағы Сараптама кеңесінің құрамына кіретін педагогтердің болуы	жоқ	*0*
		иә	*20*
3.	Соңғы 3 жыл ішінде ТжКБ саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ҚР Оқу-ағарту министрлігі немесе басқа салалық министрліктер жанындағы жұмыс топтарына қатысу	жоқ	*0*
		иә	*30*
4.	ОӘБ соңғы 3 жыл ішінде облыстық, республикалық және халықаралық жобаларға қатысуы	жоқ	*0*
		облыстық деңгей	*10*
		республикалық деңгей	*20*
		халықаралық деңгей	*30*
II. Білім беру үдерісін оқу-әдістемелік сүйемелдеу			
5.	ОӘБ болып табылатын білім беру ұйымының соңғы 3 жыл ішінде тіркелген авторлық әзірлемелерінің (оқу-әдістемелік әдебиеттерінің) болуы	жоқ	*0*
		иә	*әрбір әзірлеме үшін 10 балл*
6.	Соңғы 3 жыл ішінде ТжКБ білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізуге қатысу	жоқ	*0*
		иә	*10*
7.	Соңғы 3 жыл ішінде оқу-әдістемелік әдебиеттерге сараптама жүргізу және рецензиялау жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу	жоқ	*0*
		иә	*10*
8.	Соңғы 3 жыл ішінде әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі мақсаттағы тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптамадан өткізу	жоқ	*0*
		иә	*10*
9.	Педагогтердің оқу-әдістемелік материалдарына немесе авторлық бағдарламаларына РОӘК жанындағы Сараптама кеңесінде қарастыру үшін рецензиялар ұсыну	жоқ	*0*
		иә	*әрбір рецензия үшін 5 балл*
III. ТжКБ ұйымдарының қызметін үйлестіру және өзара әрекеттестікті жүзеге асыру			
10.	Бейіндік колледждер желісінің электрондық дерекқорының болуы	жоқ	*0*
		иә	*10*

11.	ТжКБ ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру:		
11.1	ақпаратпен жедел алмасуды қамтамасыз ету үшін веб-сайтты жүргізу	жоқ	*0*
		иә	*10*
11.2	ТжКБ ұйымдарында білім беру үдерісінің мазмұны мен әдістемелік сүйемелдеу мәселелері бойынша конференциялар өткізу	жоқ	*0*
		облыстық деңгей	*10*
		республикалық деңгей	*20*
		халықаралық деңгей	*30*
11.3	оқыту семинарларын, шеберлік сабақтарын және тренингтерді өткізу	жоқ	*0*
		иә	*әрбір жұмыс түрі үшін 10 балл*
11.4	Тізімге енгізілген ТжКБ педагогтері мен студенттері үшін конкурстар/олимпиадалар өткізу	жоқ	*0*
		иә	*әрбір жұмыс түрі үшін 10 балл*
12.	ОӘБ колледждер желісіндегі педагогтерді келесі бағыттарға тарту:		
12.1	ТжКОБ білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізуге	жоқ	*0*
		иә	*әрбір сарапшы үшін 5 балл*
12.2	оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және сараптамадан өткізуге	жоқ	*0*
		иә	*әрбір әзірлеуші/ сарапшы үшін 5 балл*
12.3	әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі мақсаттағы тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптамадан өткізуге	жоқ	*0*
		иә	*әрбір әзірлеуші/ сарапшы үшін 5 балл*
12.4	білім беру үдерісінің мазмұны мен әдістемелік сүйемелдеу мәселелеріне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеу және сараптамадан өткізуге	жоқ	*0*
		иә	*әрбір әзірлеуші/ сарапшы үшін 5 балл*
12.5	ОӘБ жоспары аясында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге	жоқ	*0*
		иә	*әрбір педагог үшін 5 балл*
БАРЛЫҚ БАЛЛ САНЫ			

26. ОӘБ қызметі бойынша есеп тек ОӘБ мамандықтары бойынша ғана жүргізіледі.

27. ОӘБ қызметін талдау мен бағалауды «Talap» КЕАҚ оқу жылы аяқталғаннан кейін есепті кезеңдегі ОӘБ қызметі туралы жыл сайынғы есеп негізінде жүргізеді.

28. Өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу тек ОӘБ растайтын құжаттар болған жағдайда ғана жүргізіледі.

29. ОӘБ қызметі туралы есеп ОӘБ төрағасының қолы және білім беру ұйымының мөрімен расталады. Ұсынылған деректер мен растайтын құжаттардың дұрыстылығына ОӘБ төрағасы жауапты болады.